

Ақпараттық хат

Құрметті мектеп мұғалімдері мен оқушылар! Сіздерді үстіміздегі жылдың 21 ақпанында академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің филология факультетінде қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен өткізілетін олимпиадаға шақырамыз. Олимпиадаға қазақ және орыс мектептерінен 10 сынып (мектепшілік қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен өткізілген олимпиаданың 1-2 орын жеңімпаздары) және төртінші пән ретінде қазақ әдебиеті пәнін таңдаған 11 сынып оқушылары шақырылады.

14 ақпанға дейін олимпиадаға қатысушы оқушылардың толық аты-жөні, мектебі, сыныбы, байланыс телефоны және жауапты мұғалімнің аты-жөнін zhanaidar.zhumageldi@mail.ru электрондық почтасына жіберулеріңізді сұраймыз.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен өтетін олимпиада 2 кезеңнен тұрады.

Бірінші кезең: Тест түрінде өткізіледі. 20 сұрақ қазақ тілінен, 20 сұрақ әдебиеттен болады (1 сағат уақыт беріледі).

Екінші кезең: Ауызша емтихан түрінде алынады. Оған бірінші кезеңнен 30-дан жоғары ұпай алған оқушылар жіберіледі. Емтихан билетінде 2 сұрақ қамтылады: 1) әдебиеттен көркем шығарманы әдеби талдау; 2) қазақ тілінен лингвистикалық кешенді талдау. Дайындыққа уақыт берілмейді, бірден жауап берілуі керек.

Қоғаммен байланыс және журналистика мамандығын таңдаған (11 сынып оқушылары ғана қатыса алады) оқушыларға олимпиада 2 кезеңнен тұрады.

Бірінші кезең: Газеттердегі мәтінмен жұмыс. (20 минут уақыт беріледі).

Екінші кезең: Ауызша емтихан түрінде алынады. (Жағдаяттық тапсырмалар, шешендік (ораторлық) қабілетін көрсету, өлеңді жатқа айту). Дайындыққа уақыт берілмейді, бірден жауап берілуі керек.

Орыс мектептеріндегі қазақ тілі мен әдебиеті пәндері бойынша олимпиада 2 кезеңнен тұрады.

Бірінші кезең: Тест түрінде өткізіледі. (Лексика-грамматикалық). 40 мин. уақыт беріледі.

Екінші кезең: Ауызша емтихан түрінде алынады. (Жағдаяттық тапсырмалар, мысал-өлеңдерді жатқа айту). Дайындыққа уақыт берілмейді, бірден жауап берілуі керек.

Олимпиадаға оқушылар алып келген мұғалімдер «Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі: алғашқы қадам, ізденіс және тәжірибе» атты тақырыбында дөңгелек үстелге шақырылады.

Тіркелу уақыты: сағат 9.00.

Басталу уақыты: сағат 10.00.

Өткізілетін орны: Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті филология факультеті (№ 8 ғимарат, Мұқанов көшесі, 1). Байланыс телефоны: 87011389732, 87009186379 — Жұмагелдин Жанайдар Шаймерденұлы (ұйымдастыру алқасының төрағасы)

Көптен күткен ұлы той

Елдігіміздің айғағы — қазақтың төл тарихын ұлықтау мақсатында еліміз Қазақ хандығының 550 жылдығын атап өтпекші. Бұл жайлы мемлекет басшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев қазан айында мәлімдеме жасады. Осы жылға қарасты барлық ұлттық мерекелер Қазақ хандығының 550 жылдығына негізделеді. Ең үлкен шара Қазақ хандығының құрылған жері — Шу мен Талас өзендері арасында Елбасының және халықаралық деңгейдегі қонақтардың қатысуымен өтеді деп жоспарлануда. Тарихшы ғалымдардың Қазақ мемлекетіне 550 жыл толды деуіне негіз болған Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарих-и-Рашиди» атты еңбегі. Дулатидің еңбегінде Керей мен Жәнібектің хандықты 1465 жылы құрғаны жайында жазылған. 2015 жыл Қазақ мемлекетінің 550 жылдығымен ерекшеленеді.

Қазақ хандығының 550 жылдығын атап өту үшін негізгі концептуалды түрде жүзеге асады: патриоттық — қазақ халқының отанына сүйіспеншілігі; ақпараттық — ғылыми көпшілік бағдарламаларды, ғылыми-танымдық деректі фильмдерді, қазақ халқының жоғары мәдениеті мен өнегелік қасиеттері туралы көркем фильмдерді жасап, жетекші орталық телеарналар арқылы көпшілікке тарату; ғылыми — Қазақ хандығының құрылу мәселелерін зерделеу бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу, ғылыми конференциялар ұйымдастыру. Яғни барлық телеарналарда тарихымызды ұлықтау мақсатында түрлі бағдарламалар, көркем және деректі фильмдер көрсетіледі деген сөз.

Үкіметіміз осы мерейтойға арнаулы жоспар дайындады. Жоспардың ішінде маңыздысы — төл тарихымызды түгендеп, тереңнен зерттеп білу үшін өзге елдердің музей, тарих мұрағаттарынан Қазақ хандығына қатысты мәліметтерді жинаудың қолға алынуы. Атап айтсақ, Батыс Еуропа, Ресей, Иран, Түркия, Қытай, Египет, Өзбекстан елдерінен. Жалпы айтқанда, ел тарихын зерттеу, ұлықтау жаңа бір қарқын алады. Тарихтың беймәлім беттері ашылады, кереғар пікірлер жоққа шығарылады. Сол кезде елдігімізге шұба келтіргендердің тыйылары анық.

Бұл мерейтойды тойлау, атап өту қай жағынан болсын маңызды. 550 жылдық әлемдік

саясатта ел позициясын нығайтады, жастарымыздың өз тарихына деген сүйіспеншілігін оятады. Осы бір тұста тарих майданында талмай еңбек етіп, тарих саласына бар күш-жігерін жұмсап жүрген тарихшы мамандардың пікірі аса маңызды. Осы мақсатпен Қарағанды мемлекеттік университетінде сүбелі еңбек етіп жүрген тарих ғылымдарының кандидаты, доцент, Қазақстан тарихы кафедрасының меңгерушісі Жамбыл Жұмабековтің тарихшы ретінде айтар ойын білемек болдық.

— Жамбыл аға, баршаға мәлім, биыл еліміз Қазақ хандығының 550 жылдығын атап өтуде. Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Үкіметке аталмыш ауқымды шараны өткізу туралы тікелей тапсырма берген еді. 550 жылдықтың халқымыз үшін, жалпы мемлекетіміз үшін маңызы қандай?

— Қазақ хандығының құрылғанына 550 жыл толуын мемлекеттік деңгейде атап өту — бұл қазақ елі үшін елеулі оқиға. Қазақ мемлекеттілігін бастаулары тереңде жатқанын барлық тарихшы қауым біледі. Алайда, көпшілікке тарихымызға қатысты мағлұматтар айтарлықтай тарай қоймайды. Сол себептен де қазақ мемлекеті бергін келе қалыптасқан деген жансақ пікірлер де белен алып қалады. Тіпті кейбір сырт елдердің өзінде қазақ мемлекеті осы уақытқа дейін болмаған деген ойлар айтылады. Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Ұлықтау төрінен сұхбат бергенде қазақ тарихының бастаулары сонау сақтар мен ғұндар дәуірінен басталатынын мәлімдеген еді. 1465 жылы Керей мен Жәнібек бастаған қазақ халқы қазақ мемлекетін жаңғыртып, Шу мен Талас өзендерінің аралығында Қазақ хандығын құрған болатын. Міне, сол уақыттан бастап біздің ел қазақ деген атаумен дүйім жұртқа мәлім болып келе жатыр. Осы айтулы оқиғаны кеңінен насихаттап, қазақ елі тарихының түп тамыры тереңде жатқанын түсіндіру ендігі кезекте басты міндет.

— Мемлекетіміздің болашағы жастардың қолында. Жастарды тарихты өнеге ете отырып тәрбиелеу — ол сенімді болашақты тәрбиелеу деген сөз. Айтулы мерейтойдың жастарымызға берер өнегесі қандай?

— Қазақ хандығының құрылуына 550 жылдық мерейтойын ерекше атап өтуінің маңыз-

ашылды, университет жүйесі және мақсатты аспирантура арқылы дайындалған жаңа ғалымдардың легі келіп қосылды.

Бүгінде ғалымның атымен аталатын Орталық Қазақстанның бірегей университеті ҚарМУ Е. Бөкетовтің мерейтойы қарсаңында үлкен жетістіктерге қол жеткізіп отыр. ҚарМУ-дың бүгінгі басшылары — жаңаша ойлай білетін кәсіби істерінің қас шеберлері. Олар ұрпақтар сабақтастығынан нәр ала отырып, Е. Бөкетов салып берген сара жолмен университеттің білімі мен ғылымын дамытуда. Университеттің әлемдік білім беру кеңістігі мен ғылыми қауымдастықта өзінің лайықты орнын алу үшін ғалым ағамыз көрсетіп кеткен бағытта көптеген іс-шараларды атқаруда. Соның айғағы — ұлттық және халықаралық аккредиттеудің барлық рәсімдерінен Е. Бөкетов атындағы ҚарМУ-дың сәтті өткендігі. Британдық компания QS-тің «Дамушы Еуропа және Орталық Азия 2014/2015» рейтингісі бойынша академик атындағы біздің университеттің қазақстандық 8 жоғары оқу орнымен бірге танымал әлемдік университеттер қатарына енуі — ең маңызды әрі айтулы жәналықтардың бірі. Қазір еліміздің ғылыми бағыттарда дамуын қамтамасыз етуге қабілетті, жоғары білікті мамандар даярлау мақсатында біздің университет қыруар жұмыстар атқаруда. Ғылыми инфрақұрылымы бар, жаратылыстану, ғылыми және техникалық, сонымен бірге гуманитарлық бағыттағы ауқымды жобалар жүзеге асырылуда. Қазақстан экономикасының түрлі секторларына инновациялық ғылыми әзірлемелерді енгізу іске асырылуда. 2014 жылдың қорытындысы бойынша «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» мемлекеттік грантын ҚарМУ-дың 15 профессор-оқытушысының иеленуі де ғалымдардың академик ағамыздың мерейтойына қосқан үлесі деп білеміз.

2015 жыл университетіміз үшін «Ғылым жылы» деп жарияланғандықтан, ғалымның мерейтойы қарсаңында студенттер мен магис-

трылығы — қазіргі жастарға Тәуелсіздігімізді қастерлеуге үйрету. Ата-бабаларымыз сан ғасырлар бойы халқының азаттығы үшін күрес жүргізіп келді. Сол тәуелсіздікті өзінен кейінгі ұрпаққа мұра етіп қалдырды. Кезінде, қазақ хандығы саяси билігінен айырылып, ұзақ уақыт бойы басқа елдің боданында болды. Қаншама асыл азаматтарымыз тәуелсіздігін қайтарып алу үшін бастарын құрбандыққа тікті. 550 жылдық тарихтың ішінде осының бәрі баяндалады және қазіргі өскелең жас ұрпақ осыны санасына сіңіре біледі деп сенемін.

Керей мен Жәнібек құрған Қазақ хандығы XV ғасырдан бастап тарих сахнасына шықты. «Есім ханның ескі жолы», «Қасым ханның қасқа жолы» Тәуке ханның «Жеті жарғысы».

Көпінде қыран самғаған Тұран далада білгір де көреген хандар билік құрды. Бүгінде сол хандық дәуірдегі сарабалда да көрегендік саясатты жүргізіп, ел мерейін асырып отырған Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев. Президентіміздің саясатын төрткүл дүние мойындаған десек, артық айтқанымыз емес. Өткен мен болашақты ұштастыра білген Елбасы бар-жоғы 23 жылда қазақ елімен бірге адам сенгісіз жетістіктерге жетті. Ендігі бізге керекті — тас қамалдай бірлік, татулық. Біз алауыздықтан қан қақсаған өзге елдерге қарап, сабақ алуымыз керек. Өз билігіне, өз басшысына тас атқан санасыз халықтың онбасын біз көріп те, естіп те жүрміз. Қиын-қыстау сәтте қазақ халқы жұмылған жұдырықтай бірігіп, жауға ұлтрақтай жер бермей отанымызды сақтап қалғаны көпке мәлім. Біздің негізгі күшіміз бен қаруымыз — ол бірлік. Бақытымызды көре алмаған өзгелер ел арасына қанқу сөз таратып, ойлауға қорқынышты дүрбелен бастап беруі де жапа емес. Қазақ хандығының ұлы мерейтойын тойлаудағы бір мақсат — бізге ауадай қажет бірлікті нығайту деп ойлаймын. Төл тарихымызды, төл мәдениетімізді жеткілікті деңгейде дәріптесек, болашақта елдігіміздің 1000 жылдығы аталып өтері анық. Бізге тісін қайраған үнсіз жаулардың табанына өзіміз төселмесек болғаны. Сан тарапқа тараған үш жүздің басын қосқан, «кой үстіне бозторғай ұялаған» заман орнатқан дана Абылайдың билігі бүгінде жалғасын тапты деп ойлаймын.

Ерік НАРЫН,
ҚарМУ студенті

Ізгілік іздері

Ірі тарихи тұлғалардың өмірі жас ұрпақ үшін рухани өсиет ретінде қалады. Сондай тұлғалардың бірі — Сарыарқадағы классикалық үлгідегі университетке есімі берілген Евней Арыстанұлы Бөкетов. Қазақстан ғылымын, білімі мен мәдениетін дамытуда академик Е. Бөкетовтің қосқан үлесі зор. Кезінде ұлы ғалым: «терең, кең, нақты білімді меңгерген ғалым ғана нәтижелі жұмыс атқара алады», — деген екен. Ғалымның осы сөзінің дәлелі — оның артына қалдырған үлкен ғылыми және шығармашылық мұрасы.

Е. Бөкетов Қазақстан ғылымының, білімінің және мәдениетінің дамуына сүбелі үлесін қосты. Сарыарқаның ортасында ғалым, жазушы және қоғам қайраткері ретінде қалыптасып жетілді. Осы жерде ол техника ғылымдарының докторы атанды, профессор болды, Қазақ КСР Академиясының академигі атанды, КСРО Жазушылар одағының мүшелігіне қабылданды, КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атағын иеленді. Сонымен қатар, ол — Химия-металлургия институтының негізін салушы, Қазақстандағы екінші университет — Қарағанды мемлекеттік университетінің іргетасын қалаған ірі ұйымдастырушы. Академик Е. Бөкетовтің ұйымдастырушылық қабілеті Қарағанды мемлекеттік университетінің құрылуы мен дамуы барысында ерекше көзге түсті. 1972 жылы Е. Бөкетовтің жетекшілігімен негізі қаланған университеттің материалдық-техникалық базасы нығайды, кәсіби білікті мамандар жұмыс істеді, ғылыми-зерттеу жұмыстарына кеңінен жол ашылды, білім беру жүйесі, ғылым және өндіріс арасында байланыс орнатылды. Ол ҚарМУ-де ректор болған жылдары университеттің ғылыми мектебі қалыптасты, жаңадан зерттеу лабораториялары мен кафедралар құрылды, жаңа мамандықтар



трантарға арналған дәстүрлі «Бөкетов оқулары — 2015», «Академик Е. А. Бөкетовтің ғылыми және шығармашылық мұрасы» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өткізіледі. Е. Бөкетовтің шығармашылығына арналған студенттер арасындағы шығармашылық конкурстар ұйымдастырылады. Сонымен бірге университет «Е. А. Бөкетов әлемі» деген атпен кітап шығаруға дайындалып жатыр. Ғалымға арналған фильм түсірілуде.

Қазіргі кезде университеттің ғылыми кітапхана қоры мен электрондық ресурстарда сақталған Е. Бөкетовтің ғылыми және әдеби мұрасына арналған көрме ұйымдастырылып, ғылыми-библиографиялық көрсеткіш әзірленуде. Тарих факультетінің жанындағы «Тұлғатану» ғылыми-зерттеу орталығы мен «Қазақстан-Қарағанды» телеарнасының «Тарих тағылымы» атты бірлескен бағдарламасының жанжалдылық хабары академик, профессор, ғасырда бір рет қана туатын тұлға Е. Бөкетовке арналды.

Міне, бұл шаралар алдағы атқарылатын үлкен істердің бастамасы ғана.

Н. БЕЙСЕНБЕКОВА

ҚарМУ «Тұлғатану» ғылыми-зерттеу орталығының директоры

Г. СМАХЛОВА

ҚарМУ «Тұлғатану» ғылыми-зерттеу орталығының қызметкері